ISSN -2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL



2(2) 2023

ISSN -2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF CULTURE AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

# MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

## «ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ШЫҢҒЫС ХАН ҰРПАҚТАРЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 22 желтоқсан 2022 ж.

**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции

## «ЭВОЛЮЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ЧИНГИЗИДОВ НА ПРОСТОРАХ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Алматы, 22 декабря 2022 г.

**MATERIALS**

International scientific-practical conference

## «EVOLUTION OF THE STATEHOOD OF CHINGIZIDS IN THE EXPANSES OF THE GREAT STEPPE»

Almaty, December 22, 2022

№2 (2) 2023

ISSN -2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ**

**МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
**ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**MINISTRY OF CULTURE AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**
**CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

# MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

## «ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ШЫҢҒЫС ХАН ҰРПАҚТАРЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
**МАТЕРИАЛДАРЫ**
Алматы, 22 желтоқсан 2022 ж.

**МАТЕРИАЛЫ**
Международной научно-практической конференции

## «ЭВОЛЮЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ЧИНГИЗИДОВ НА ПРОСТОРАХ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Алматы, 22 декабря 2022 г.

**MATERIALS**
International scientific-practical conference

## «EVOLUTION OF THE STATEHOOD OF CHINGIZIDS IN THE EXPANSES OF THE GREAT STEPPE»

Almaty, December 22, 2022

№2 (2) 2023

# MUSEUM.KZ
# ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

«MUSEUM.KZ» – музейтану, музей ісі, мәдени мұра нысандарын қорғау, тарих, деректану, археология, нумизматика, этнология, өнертану, мәдениеттану және мәдениет тарихының өзекті мәселелеріне арналған рецензияланатын ғылыми-тәжірибелік журнал.

Журнал қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бұрын жарияланбаған ғылыми еңбектерді жариялайды.

Редакцияға жариялауға жіберілген ғылыми жұмыстар плагиатқа тексеріледі. Плагиат анықталса, жұмыс қосымша қарауға қабылданбайды.

Журналда келіп түскен жұмыстарды рецензиялаудың тәуелсіз институты жұмыс істейді.

Журналдың редакциясы өз қызметінде Committee on Publication Ethics – COPE халықаралық жариялау этикасы комитеті әзірлеген принциптерді, сондай-ақ Scopus (Elsevier) журналдарын жариялаудың этикалық принциптерін басшылыққа алады. Басылымның авторлар мен оқырмандар үшін ашықтық принципі «MUSEUM.KZ» журнал саясатының негізі болып табылады.

Журнал материалдары «MUSEUM.KZ» Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Дүниежүзілік (CC BY 4.0, лицензия «Авторлықпен») лицензиясы бойынша қол жетімді.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Журнал редакциясы мақаланың жарияланғандығынан келуі мүмкін зиян үшін авторлар немесе өзге тұлғалар мен мекемелер алдында өзіне ешқандай жауапкершілік алмайды.

| | |
|---|---|
| **Журналды тіркеген мекеме атауы** | Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі<br>24 ақпан 2023 жыл, Куәлік №KZ62VPY00065358 |
| **Құрылған жылы** | 30 қазан 2022 ж. |
| **ISSN** | ISSN -2960-0049, ISSN-L: 2958-5376 |
| **Мерзімділігі** | Жылына 4 рет |
| **Құрылтайшысы** | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі РМҚК |
| **Сайт** | https://journal-museum.kz/ |
| **E-mail** | museum.kz@mail.ru |
| **Байланыс телефоны** | 8 (727) 264 08 44 |
| **Редакциясы** | museum.kz |

# MUSEUM.KZ
# НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

«MUSEUM.KZ» – рецензируемый научно-практический журнал, посвященный актуальным проблемам музеологии, музейного дела, охраны объектов культурного наследия, истории, источниковедения, археологии, нумизматики, этнологии, искусствоведения, культурологии и истории культуры.

В журнале публикуются оригинальные, ранее не опубликованные работы исследователей на казахском, русском, английском языках.

Научные работы, присланные для публикации в редакцию, проверяются на плагиат. В случае обнаружения плагиата работа к дополнительному рассмотрению не принимается.

В журнале функционирует независимый институт рецензирования поступающих работ.

Редакция журнала в своей деятельности руководствуется принципами, разработанными Международным Комитетом по публикационной этике Committee on Publication Ethics – COPE, а также Этическими принципами публикации журналов Scopus (Elsevier).

Основой политики журнала «MUSEUM.KZ» является принцип открытости издания для авторов и читателей.

Материалы журнала «MUSEUM.KZ» доступны по лицензии Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Всемирная (CC BY 4.0, лицензия «С указанием авторства»).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходима обязательная ссылка на журнал.

Редакция журнала не несет ответственности перед авторами или третьими лицами и организациями за возможный ущерб, вызванный публикацией статьи.

| | |
|---|---|
| **Наименование органа, зарегистрировавшего издание** | Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан<br>24 февраля 2023 г. Свидетельство №KZ62VPY00065358 |
| **Журнал основан** | 30 октября 2022 г. |
| **ISSN** | ISSN -2960-0049, ISSN-L: 2958-5376 |
| **Периодичность** | 4 раза в год |
| **Учредитель** | РГКП Центральный государственный музей Республики Казахстан Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан |
| **Сайт** | https://journal-museum.kz/ |
| **E-mail** | museum.kz@mail.ru |
| **Телефон** | 8 (727) 264 08 44 |
| **Редакция** | museum.kz |

# «MUSEUM.KZ»
## Scientific and practical journal

«MUSEUM.KZ» – A peer-reviewed scientific and practical journal dedicated to current issues in museology, museum studies, heritage protection, history, source studies, archaeology, numismatics, ethnology, art history, culturology and cultural history.

The journal publishes original, previously unpublished papers by researchers in Kazakh, Russian and English languages.

Research papers sent for publication to the editorial board are checked for plagiarism. If plagiarism is detected, the work will not be accepted for further consideration.

The journal has an independent review institution for incoming papers.

The editorial board of the journal in its activities guided by the principles developed by the Committee on Publication Ethics – COPE, as well as by the Scopus (Elsevier) Journal Publication Ethics Guidelines.

«MUSEUM.KZ» policy is based on the principle of openness to authors and readers.

«MUSEUM.KZ» journal materials are available under the Creative Commons "Attribution" 4.0 Worldwide (CC BY 4.0, licence "With attribution").

For republishing articles, microfilm and other copies, a link to the journal is required.

The editorial board is not liable to the authors or by third parties and organizations for possible damages caused by the publication of the article.


| | |
|---|---|
| **Name of the authority that registered the publication** | Ministry of Information and Social Development (Kazakhstan) February 20, 2023 Certificate №KZ62VPY00065358 |
| **The journal was founded** | October 30, 2022. |
| **ISSN** | ISSN -2960-0049, ISSN-L: 2958-5376 |
| **Frequency** | 4 times a year |
| **Founder** | The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan Committee of Culture of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan |
| **Site** | https://journal-museum.kz/ |
| **E-mail** | museum.kz@mail.ru |
| **Tel.** | 8 (727) 264 08 44 |
| **Editorial board** | museum.kz |

УДК 930.2(574) «13-14»

# XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТҮРКІ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ[1]

***Қ. Өскенбай***
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Мақалада XIV-XV ғасырлардағы Жошы ұлысының тарихы туралы кейінгі кезеңдегі түркі шығармаларының кейбір тарихи мәліметтері қарастырылған. Атап айтқанда, Өтеміс қажының «Қара таварих» еңбегінің мәліметтеріне және олардың шынайылығына ерекше назар аударылады. Өтеміс қажы қолжазбасының толық нұсқасының жариялануы Қазан қаласында құрылған Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Шихабутдин Марджани атындағы Тарих институтының Миркасым Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандықтарын зерттеу орталығы, осы орталықтың басшысы, белгілі ғалым, Татарстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тарих ғылымдарының кандидаты Ильнур Миргалеевтің еңбектерінің арқасында мүмкін болды. Бұл орталықта басқа да тарихи деректер мен қазіргі заман авторларының зерттеулері жарық көрді. Олардың қатарында Рашид ад-Дин, Әбд әл-Ғаффар Қырыми, Өтеміс қажының бұрындары аса танымал болмаған еңбектері, Ақдес Немет Кураттың және т.б. зерттеулер жинағы бар. Бұл жұмыс Жошы ұлысы мен Ақ Орда тарихына қатысты осы дереккөздер мәліметтері мен зерттеулерді талдауға арналған.

**Тірек сөздер:** Жошы ұлысы, Шығыс Дешті Қыпшақ, Алтын Орда, Ақ Орда, Рашид ад-Дин, Әбд әл-Ғаффар Қырыми, Өтеміс қажы, «Қара таварих»

**Сілтеме жасау үшін:** *Өскенбай Қ.З.* XIV-XV ғасырлардағы Жошы ұлысының тарихы туралы кейінгі кезеңдегі түркі шығармаларының кейбір мәліметтері және олардың шынайылығы // MUSEUM.KZ. 2023. № 2 (1). 56-66 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.06

# НЕКОТОРЫЕ СВЕДЕНИЯ ПОЗДНИХ ТЮРКСКИХ СОЧИНЕНИЙ ПО ИСТОРИИ УЛУСА ДЖУЧИ XIV-XV ВЕКАХ И ИХ ДОСТОВЕРНОСТЬ

***К. Ускенбай***
Институт археологии имени А.Х. Маргулана (Казахстан)

**Аннотация.** В статье рассматриваются исторические сведения некоторых поздних тюркских сочинений по истории Улуса Джучи XIV-XV веков. В частности, особое внимание уделяется данным «Кара таварих» Утемиша-хаджи и их достоверности. Издание полного варианта рукописи Утемиша-хаджи стало возможным благодаря усилиям созданного в Казани Центра исследований Золотой Орды и татарских ханств имени Миркасыма Усманова Института истории имени Шигабутдина Марджани Академии наук Республики Татарстан и в особенности руководителя этого центра известного ученого, лауреата Государственной премии Республики Татарстан, кандидата исторических наук Ильнура Миргалеева. В этом центре также были опубликованы и другие исторические источники и исследования современных авторов. Среди них малоизвестные ранее труды Рашид ад-Дина, Абд ал-Гаффара Кырыми, Утемиша-хаджи, сборник исследований Акдес Немет Курата и др. Анализу сведений по истории Улуса Джучи и Ак-Орды из этих источников и исследований и посвящено настоящее сообщение.

**Ключевые слова:** Улус Джучи, Восточный Дашт-и Кыпчак, Золотая Орда, Ак-Орда, Рашид ад-Дин, Абд ал-Гаффар Кырыми, Утемиш-хаджи, «Кара таварих»

**Для цитирования**: *Ускенбай К.З.* Некоторые сведения поздних тюркских сочинений по истории улуса Джучи XIV-XV вв. и их достоверность // MUSEUM.KZ. 2023. № 2 (1). С. 56-66. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.06

1 Мақала ҚР ҒЖБМ BR11765630 «Культурогенез в казахских степях: новые парадигмы проблем изучения преемственности материального и духовного наследия по данным археологических источников» жобасы шеңберінде дайындалды

# SOME INFORMATION OF THE LATER TURKIC WORKS ON THE HISTORY OF THE JUCHI ULUS IN THE 14-15th CENTURIES AND THEIR ACCURACY

***K. Uskenbay***
Margulan Institute of Archaeology (Kazakhstan)

**Abstract.** The article deals with the historical information of some late Turkic writings on the history Jochi of Ulus of the 14-15th centuries. In particular, special attention is paid to the data of «Kara tavarikh» by Utemish-hadji and their accuracy. The publication of the full version of the manuscript of Utemish-hadji became possible thanks to the efforts of the Mirkasym Usmanov Center for Research of the Golden Horde and Tatar Khanates for Shigabutdin Marjani Institute of History of the Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, and in particular the head of this center, a well-known scientist, laureate of the State Prize of the Republic of Tatarstan, candidate of historical Sciences Ilnur Mirgaleyev. Other historical sources and studies by contemporary authors were also published in this center. Among them are the previously little-known works of Rashid al-Din, Abd al-Ghaffar Kyrimi, Utemish-hadji, a collection of studies by Akdes Nemet Kurat, etc. This report is devoted to the analysis of information on the history of Jochi Ulus and Ak-Orda from these sources and studies.

**Keywords:** Jochi of Ulus, Eastern Dasht-i Kypchak, Ak-Orda, Rashid ad-Din, Abd al-Ghaffar Kyrimi, Utemish-hajji, Kara Tavarikh.

**For citation:** *Uskenbay K.Z.* Some information of the later turkic works on the history of the Juchi ulus in the 14-15th centuries and their accuracy // MUSEUM.KZ. 2023. № 2 (1), pp. 56-66. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.06

**Кіріспе.**

Алтын Орда мемлекетінің тарихын зерттеген ғалымдар осы мемлекеттің аумағында жазылған және оның ішкі өміріндегі оқиғаларға арналған тарихи шығармалардың жоқтығына жиі назар аударады. Өткен ғасырдың тарихнамасында Алтын Ордада өздерінің тарихи жазбалары болған жоқ немесе олар бүгінгі күнге дейін сақталмаған деген пікір басым болды. Мысалы, тарихшы Магомет Сафаргалиев «татарлар жазған дереккөздерінің жоқтығы» туралы пікір айтқан [Сафаргалиев, 1960: 12]. «Алтын Орданың жазбаша дереккөздері сақталмаған», деп көрсетеді Вадим Егоров [Егоров, 1985: 7]. Ал неміс тарихшысы Бертольд Шпулер үзілді-кесілді «моңғолдар мен сол кездері өмір сүрген түркілердің рухани дамуының тоқырауға ұшырауы Алтын Орда дәуіріндегі алтынордалық хандардың іскерлігі, мәдени қайраткерлігі мен ұйымдастырушылық жетістіктерін сипаттайтын бір де бір шығарма бермеді», деп жазған [Шпулер, 2016: 24]. Ол «кітапханалардың жойылуы» теориясын түбегейлі жоққа шығарады [Шпулер, 2016: 24]. Сонымен қатар, қазіргі тарихшылар соншалықты шыншыл емес. Юлай Шамильоглу «Алтын Орданың тарихы деп атауға болатын, XIII-XIV ғасырларда жазылған бірде-бір шығарма жоқ» деп жазып, «Алтын Орда тарихнамасына не болған?» деген маңызды сұрақ қояды [Шамильоглу, 2014: 158]. Оның пікірінше, Алтын Орда әдеби мәдениетінің өркендеуіне және оның сақталуына 1340 жылдардың аяғында Алтын Орда аумағында болған оба эпидемиясы; Алтын Орда қалалық орталықтарына XIV ғасырдың екінші жартысында жасалған жорықтар; кейіннен осы қалалардың көпшілігін орыстардың жаулап алуы; сондай-ақ содан кейінгі Қазан тәрізді қалаларда орын алған өрт апаттары сияқты тарихи факторлар кедергі болды [Шамильоглу, 2014: 156]. Тағы бір қазіргі зерттеуші Тимоти Мэй өзінің «Моңғол империясы» атты жаңа кітабында Алтын Орда құжаттарының жойылуын Әмір Темірдің 1395 жылы Тоқтамышқа қарсы нақты жорығымен байланыстырады: «нәтижесінде (жорық – *Қ.Ө.*) Темір Сарай қаласын қиратып қана қоймай, Жошы хандығының мұрағаты мен кеңсесін де қиратты, соның салдарынан Алтын Орда тарихын түсіну үшін негізінен сыртқы дереккөздер мәліметтеріне сүйенуге мәжбүрміз. Бірақ егер тарихшылар дәл осы тарихи оқиғаға қынжылса (біз сияқты!), Сарайды тонау – Жошы хандығы үшін жерлеу рәсімі сияқты естілді» [Мау, 2018: 308]. Алтын Ордада өзінің тарихи дәстүрінің болғандығы туралы болжамдар бұл мемлекет ыдырағаннан кейін, XV-XVIII ғасырларда жазылған кейінгі кезеңдегі тарихи шығармалардың болуымен жанама түрде расталады. Юлай Шамильоглудың айтуынша, бұл кейінгі шығармалар «Алтын Орданың бұрынғы кезеңіндегі тарихи дәстүрлердің тікелей жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін» [Шамильоглу,

2014: 158]. Алайда, бұл ойды неғұрлым дәлелді түрде растау үшін осы кейінгі кезеңде жазылған шығармаларды ғылыми айналымға кеңінен енгізу және оларды жан-жақты талдау қажет. Бұл жұмыс Жошы ұлысының және оның шығыс қазақ бөлігінің тарихы бойынша кейінгі кезеңдегі түркі шығармаларының мәліметтерін анықтауға бағытталған шағын әрекет болып табылады.

**Материалдар.**

Жаңадан жарық көрген түркі тарихи шығармалары бұл жұмысының негізгі дереккөздері болып табылады. Соңғы жылдары Татарстан ғалымдарының мақсатты күш-жігерінің арқасында тарихшыларды қызықтыратын тарихи шығармалар жарияланды. Осыған байланысты Қазанда құрылған Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Шихабутдин Маржани атындағы Тарих институты жанындағы Миркасым Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандықтарын зерттеу орталығының баспа және зерттеу қызметін және оның тұрақты жетекшісі, танымал татар ғалымы, Татарстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тарих ғылымдарының кандидаты Ильнур Миргалеевті атап өту қажет. Ең алдымен, Әбу Бәкі Каландар Румидің «Каландар-наме» басылымы [Каландар Руми, 2017; Миргалеев, 2016: 63-68], Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджгана» [Рашид ад-дин, 2016а; Рашид ад-дин, 2021], Өтеміс қажының «Қара таварих» [Утемиш-хаджи, 2017], Әбд әл-Ғаффар (Әбділғаффар) Қырымидің «Умдет әл-ахбар» [Қырыми, 2014; Қырыми, 2018], Қадырәлі (Қадырғали) бектің «Джами ат-таварих» [Кадыр Али-бек, 2022], сондай-ақ, Ақдес Немет Курат [Курат, 2014; Миргалеев, 2014: 253-261] пен Марат Гатиннің орыс тіліне аудармасында Бертольд Шпулердің «Алтын Орда» [Шпулер, 2016] тәрізді тамаша зерттеулері жарық көрді.

**Талқылау және мәселенің зерттелу тарихы.**

Осы дереккөздердің жариялануы Алтын Орданың тарихы мен мәдениеті туралы зерттеулерге жаңа серпін берді. Ильнур Миргалеев Алтын Орда тарихы бойынша жарияланған Әбу Бакір Каландар Румидің «Каландар-наме» және Әбд әл-Ғаффар Қырымидің «Умдет әл-ахбар» еңбектеріндегі мәліметтерге арналған бірқатар зерттеулер жазған. Ол жаңа материалдар аясында әсіресе Алтын Орданы исламдандыру мәселелеріне ерекше назар аударды [Mirgaleev, 2016: 89-101; Миргалеев, 2016: 63-68; Миргалеев, Пашаоглу, 2014: 35-60]. Сондай-ақ Ильнур Миргалеев және Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Ғалымжан Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Чулпан Хамидова Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджган» шығармасындағы Жошы шежіресі бойынша мәліметтерді талдады [Миргалеев, 2013: 57-64; Миргалеев, Хамидова, 2013: 22-26; Хамидова, 2016: 79-84; Mirgaleev, Khamidova, 2014: 50-56]. Сонымен қатар, «Золотоордынское обозрение» журналында Чулпан Хамидова осы дереккөзден үзінділерді аударып, жариялады [Рашид ад-дин, 2016б: 668-680; Рашид ад-дин, 2016в: 868-880; Хамидова, 2017: 846-865; Хамидова, 2018а: 168-180; Хамидова, 2018б: 409-421]. 2021 жылы Чулпан Хамидова дайындаған Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджгана» (Бес шежіре) еңбегінің парсы тілінен аудармасының екінші, қайта қаралған және толықтырылған басылымы шықты [Рашид ад-дин, 2021]. Сонымен қатар соңғы жылдары Қадырәлі бектің «Джами ат-таварих» туралы Рысбек Әлімов пен Хироюки Нагаминэлердің маңызды зерттеулері жарияланды [Алимов, 2016: 40-48; Алимов, 2018: 251-258; Нагаминэ, 2019: 115-130].

**Нәтижелер.**

Жұмыста Жошы ұлысының (Алтын Орда) әсіресе оның шығыс бөлігі немесе тарихнамада Ақ Орда, кейде Көк Орда деп аталатын сол қанаты жайлы Өтеміс қажы мен Әбд әл-Ғаффар Қырымидің мәліметтерінің маңыздылығына тоқталғым келеді [Ускенбай, 2013: 80-112; Мустакимов, 2015: 129-149; Мустакимов, 2022: 8-101; Тишин, 2019: 295-317]. Өтеміс қажының «Қара таварих» және Қырымидің «Умдет әл-ахбар» мәліметтерінің Жошы ұлысының тарихын терең зерттеуге маңызы зор. Сонымен қатар, осы шығармалардың Алтын Орда мемлекеттің тарихына қатысты мәліметтері, өзге зерттеушілер атап өткендей, басқа дереккөздердің мәліметтерімен де сәйкес келеді. Өтеміс қажының «Қара таварих» еңбегінің материалдары Қырыми шығармасының «Жошы» бөлігінің негізі болып табылатынын тарихшы Юлай Шамильоглу атап өткен. Оның пікірінше, «Тарих-и Дост Сұлтан» (Өтеміс қажы шығармасының тағы бір атауы) – «XIII-XV ғасырлардағы

Әбд әл-Ғаффар Қырымидің маңызды дереккөздерінің бірі» [Шамильоглу, 2014: 161]. Бертольд Шпулер да осы екі шығарманың ұқсастығын және олардың Алтын Орда тарихын зерттеу үшін маңызын көрсеткен. Алғашқылардың бірі болып ол Қырымидің шығармасында «Өтеміс қажы тарихындағы барлық маңызды оқиғалар бар» деп жазған, ол екі дереккөздің мәтіндерін салыстыра отырып, Әбд әл-Ғаффар Қырыми маңызды оқиғаларды толық қамтығандығын және тарихи себептерге байланысты «Тарих-и Дост-Сұлтан» шығармасының жарық көруі соншалық маңызды болмағандығын анықтады [Шпулер, 2016: 27]. Мұнымен қатар ол Өтеміс қажының шығармасының «маңыздылығы шамалы және Шибан мен оның ұрпақтарының жақтасы ретінде өз ойын ашық жеткізгендіктен кейбір тарихи оқиғалардың барысын бұрмалайды... шығарма көбінесе субъективті ақпарат беретіндіктен..., оны тарихи оқиғаларды сипаттауда қолдануға болмайды», деген пікірге келді [Шпулер, 2016: 26-27]. Осыдан кейін Қырымидің шығармасына сілтеме жасай отырып, Шпулер «бұл автордың мәліметтерін өте мұқият пайдалану керектігін [Шпулер, 2016: 385], олар «сенімділігі аз» дереккөзден алынғандыған жазған [Шпулер, 2016: 372]. Сондықтан тарихшы бұл тарихи мәліметтерді өз кітабының негізгі мәтінінен алып, сілтемелерде ғана берді [Шпулер, 2016: 370]. Неміс тарихшысының Өтеміс қажы шығармасы туралы үкімі тым қатал емес пе?

1992 жылы Вениамин Юдиннің «Ташкент қолжазбасы» деп аталатын Өтеміс қажы шығармасының бір бөлігінің алғашқы жариялануы [Утемиш-хаджи, 1992] осы дереккөздегі ақпараттың маңыздылығын және бүкіл қолжазбаны тез арада толық басып шығару қажеттілігін айқын көрсетті. Сондықтан Өтеміс қажының «Қара таварих» шығармасының кіріспе, аударма, транскрипция және факсимилені қамтитын жаңа басылымына [Утемиш-хаджи, 2017] мамандар оң пікір білдірді. «Қара таварих» шығармасының осы қолжазбасының соңғы бөлігінде Өтеміс қажыға тиесел емес мәліметтер келтірілген. Тарихшы Андрей Беляков осыған арнайы мақала-түсініктеме жариялады. Ол Өтеміс қажы шығармасының жалғасының жазылған болжамды уақытын, жазылған жерін және жалғасының ықтимал авторын анықтады [Беляков, 2018: 370-392]. Өтеміс қажының шығармасына тарихшы Денис Маслюженко да назар аударды. Ол осы дереккөздің мәліметтерін Сібірдегі Шибанидтерінің тарихын зерттеу үшін пайдаланды [Маслюженко, 2015: 117-134]. Өтеміс қажы еңбегінің жаңа басылымы Қазақстанда да оң баға алды [Қозыбаев, 2018; Ускенбай, 2018]. «Қара таварих» жарияланғаннан кейін белгілі тарихшы Вадим Трепавловпен (1960-2023) кездесу барысында, ол осы жұмыстың авторымен Жошы ұлысының, Ноғай Ордасының кейінгі кезеңдегі тарихының көптеген беттерін толықтыру және қайта жазу қажеттігі туралы пікір алысты. Вадим Трепавлов сондай-ақ, «XIII-XV ғасырдың басындағы Шығыс Дешті Қыпшақ. Жошы ұлысының этносаяси тарихының мәселелері» атты кітабымды өңдеп, толықтырып қайта басып шығару туралы да ойлануымды сұрады. Бұл кітабым 2013 жылы Ильнур Миргалеевтің қолдауымен Қазан қаласында Миркасым Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандықтарын зерттеу орталығында жарық көрген еді [Ускенбай, 2013]. Осының бәрі немістің көрнекті тарихшысы Бертольд Шпулер жасаған үзілді-кесілді тұжырымдардың асығыстығын көрсетеді. Дегенмен, бұл жерде түсініктеме беру керек. «Қара таварих» шығармасынан алынған мәліметтерді шартты түрде екі ақпараттық бөлікке бөлген дұрыс.

Бірінші бөлікке Жошы ұлысының XIII-XIV ғасырдың ортасындағы алғашқы кезеңі тарихы туралы мәліметтер кіреді. Бұл бөлік көп жағдайда сенімді емес, тарихи оқиғалар аңыздандырылған сипатқа ие. Осы жайға Өтеміс қажының «Ташкент қолжазбасының» алғашқы зерттеушілері де назар аударған. Академик Василий Бартольдтың пікірінше, «Өтемістің шығармасында келтірілген Жошы ұрпақтары туралы деректер аңыз-әңгімелер ретінде ғана қызығушылық тудырады» [Бартольд, 1973: 166]. Алайда Вениамин Юдин «анық аңыз-әңгіме» (Өтеміс қажының Шыңғыс ханның Жошының ұлдарына киіз үйлер тарату туралы – *Қ.Ө.*) «тарихи тұрғыдан сенімді» деп санаған [Юдин, 1983: 124; Мингулов, Пищулина, 1997: 111]. Бұл пікірдің, біздің ойымызша, негізі жоқ [Ускенбай, 2013: 101-102].

Шартты екінші бөлікке Жошы ұлысының XIV ғасырдың екінші жартысындағы – XV ғасырдағы тарихына қатысты мәліметтер енгізілген. Жошы ұлысының кейінгі кезеңі тарихына арналған бұл

бөлімнің мәліметтері Алтын Орда мұрагерлерінің тарихтарын зерттеушілер үшін өте маңызды. Өтеміс қажының еңбегінде келтірілген кейбір қызықты тарихи мәліметтерді қарастырайық.

«Шыңғыс ханның 500-ге жуық әйелі мен күмалары болған. Ол әрбіреуін түрлі рулардан алған. Кейбіреулерімен ол неке де қиды, көпшілігін олжа ретінде жаулап алған елдерден немесе рулардан әкелді, бірақ солардың ішінде ерекше, құрметті бес әйелі болды. Қоңырат руы нойонының қызы Бөрте барлық әйелдерден мәртебесі жоғары болды және олардың ішінде ең құрметтісі болды. Одан төрт ұлы мен бес қызы болды, үлкен ұлы Жошыдан Дешті Қыпшақ хандары мен билеушілері тараған деп айтылады». Әрі қарай ол Жошының тууы туралы әйгілі аңызды қайталайды. Ол жолда дүниеге келеді, бесігі болмағандықтан жалайыр Саба ұннан жұмсақ қамыр илеп, оған нәрестені орап алады. Бала жолда туылғандықтан, оған Жошы деп ат қояды. Басқа ортағасырлық тарихшылар Жошының атын «күтпеген қонақ» деп түсіндірді (бұл туралы қараңыз: [Pelliot, 1949: 10-28; Golden, 2002: 143-151]). Бұдан әрі Жошы туралы әңгіме еткенде оның өмірден өткен уақытын көрсету де маңызды. Шығарманың бұл бөлігі алғаш рет 2017 жылы жарық көрді, бұған дейінгі 1992 жылғы басылымында тек Жошының аң аулауда қайтыс болғандығы жайлы ғана айтылған еді [Утемиш-хаджи, 1992: 91]. «Қара таварих» авторының айтуынша, Жошының өлімі оның 1225 жылы Таңғұтқа жорыққа шыққанға дейін болған оқиға [Утемиш-хаджи, 2017: 20]. Бұл мәлімет ертерек жазылған дереккөздердің мәліметтерімен де расталады [Ускенбай, 2013: 65-67; Гатин, 2009: 82]. 1221 жылы Хорезмшахтар мемлекетіне қарсы жүргізілген әскери жорық кезінде Жошының бөлінуі, оның дербес мұрасын қалыптастыру идеясы жайлы бұрынғы жұмыстарымда жазғанмын [Ускенбай, 2013: 58]. Бұл ойымды Хижраның 618 жылы (1221) «Жошы өз ұлысында болды» деп Өтеміс қажы растайды [Утемиш-хаджи, 2017: 26]. Кристофер Атвуд басылымы аясында Жошы өмірінің соңғы жылдарының тарихына түзетулер енгізілді [Atwood, 2017: 35-56; Ускенбай, 2023].

Өтеміс қажы келтірген көптеген аңыздар мен әңгімелер қазіргі зерттеушілердің бұл жазбаны кейінірек «қағазға түсірілген ауызша дереккөздердің» қатарына жатқызу туралы ой тудырды [Утемиш-хаджи, 2017: 12]. Бұл туралы қазіргі пікірталастар қызықты, бірақ біз үшін мұндай аңыз-әңгімелер бұрынғы жазбаша дереккөздерде әрдайым кездесе бермейтін мәліметтердің болуымен маңызды. Менгу-Темір хан туралы «Қара таварих» авторы келесідей жазады: «Ол әділетті, қуатты және дана падишах болды; оның кезінде адамдар өмірі берекелі болды және оған мейірімділігі үшін Колук есімі берілді; сондықтан ол Мунке-Темір-Колук хан деген атпен танымал» [Утемиш-хаджи, 2017: 39]. Бұл сөз көне түркі дәуірінде билеушілерді сипаттау үшін қолданылған, онда ол даңқты, әйгілі және т.б. жақсы қасиетті адам деген мағына берген [Наделяев, 1969: 326; Благова, 1997: 140]. Бату ұрпағынан шыққан соңғы хан Бердібекті Өтеміс қажы «Көкін қырған Көтен хан» деп атайды [Утемиш-хаджи, 2017: 121]. Вениамин Юдин бұл күрделі атауды Керкін-Қотан-хан түрінде бұрмалап аудармасыз қалдырған [Утемиш-хаджи, 1992: 108]. Жаңа басылымда бұл үзінді «өз тамырын жойған» деп аударылған [Утемиш-хаджи, 2017: 47]. Оны «негізін жойған соңғы хан», деп толықтыруға болады. Дәл осы қатарда Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджганада» Шығыс Орда ханы Қоншының лақап атын атап, ол «Құбжы Турук-қаан деп аталды» деп көрсетеді [Рашид ад-Дин, 2016с: 870; Рашид ад-дин, 2021: 84]. Менің білуімше, бұл туралы алғаш рет «Шуаб-и панджганаға» сілтеме жасап Томас Аллсен [Allsen, 1987: 18] жазды. Бұл сөздің екі мағынасы бар: арық, әлсіз, жұқа; таза; және де меншік есімі ретінде XII-XIV ғасырлардағы ұйғыр заңдық құжаттарында кездеседі [Наделяев, 1969: 589]. Бұл сөздің бірінші мағынасы аясында қазіргі зерттеушілер бұл атауды Қоншы ханның семіздігін білдіретін мысқыл лақап ат деп көрсетеді [Костюков, 2007: 484]. Алайда, бұл пікірмен келісе алмаймын. Ең алдымен, бұл лақап аттар билеуші қайтыс болғаннан кейін берілетін есім немесе атақ деп қастыруымыз керек. Дәл осы тұрғыда Жошының – Түсүккан мен Ұлысиди, Орданың – Еженхан, Батудың – Сайынхан деген екінші аттарын қарастыру керек [Boyle, 1956: 146-154; Бойл, 2002: 28-31; Ускенбай, 2013: 123].

Өтеміс қажының бұрынғы басылымы Тоқтамыс хан туралы әңгімеде үзіліп қалған еді, енді бұл олқылықтың орны толтырылды. Жаңа Қазан басылымында қолжазбаның жетіспейтін 58 парағы

жарияланды [Утемиш-хаджи, 2017: 59-85]. Оларда ең сенімді және түпнұсқа бөлігі қамтылады. Бізге автордың Тоқтамыс жеңісінен кейінгі Орыс хан ұлдарының тағдыры туралы мәліметтер қызықты. Бұрын тек қана жорамал жасай алар едік, енді Өтеміс қажының «Орыс ханның ұлдары Самарқандқа қашқаны» туралы білеміз [Утемиш-хаджи, 2017: 59]. Едігенің уақыты туралы хабарлай отырып, автор тайпалар тізімі бар сөйлем енгізеді, бірақ ол арнайы зерттеуді қажет етеді. Ең алдымен мұнда өзге дереккөздерден кейіндері енгізілген, негізгі оқиға желісіне мүлдем қатысы жоқ, қосымша болуы мүмкін екенін ескеру керек. Ислам діні Жошы ұлысында қабылданғаннан кейін жүз жылдай өткенде Дешті Қыпшақ халқы оны толығымен ұстанды. Бұл туралы «Қара таварих» авторы нақты дәлел келтіреді. Оның сөзінше, Әбілқайыр хан Тахт-вилайат пен Самарқандты бағындырғаннан кейін хутбаны өз атымен оқуға бұйрық берді [Утемиш-хаджи, 2017: 60]. Өтеміс қажының мәліметтеріне сәйкес, Едігенің ұрпақтары анық өздерін мұсылмандар ретінде сезінген. Тағдырдың қалауымен Мәскеуде жүргенінде Мансур былай дейді: Егер мен осында өліп, менің сүйектерім кәпірдің сүйектерімен қатар жатса жаман болады. Біз мұсылмандар, өлі денелеріміз кәпірлердің жерінде жатса, қандай жаман болады. Кең далаға аттанайық. Егер жеңіске жетсек жақсы, жеңіліс тауып жатсақ тым құрыса сүйегіміз өз жерімізде жатсын. Өзіміз өлсек те, денемізді Ислам жерінде қалдырамыз [Утемиш-хаджи, 2017: 73].

